

Павлодар облысы әкімдігі  
Павлодар облысы беру білім басқармасының  
«Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК



Бекітемін

Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары  
көпсалалы колледжінің басшысы

А. Айтуарова

« 28 » 04 2023ж.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ



ANTI KOR

АҚСУ  
2023 ж.

# «Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

## 1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы «Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК-дегі (бұдан әрі – колледж) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және колледждің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат мыналарды белгілейді:

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;

– ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;

– сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;

– Осы саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты колледжде комплаенс мәдениетін қалыптастыру, колледждің және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейімділігі, іскерлік беделін нығайту және «Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК-ға сенімді арттыру болып табылады.

## 2. Қолдану аясы

1. Осы Саясат колледждің барлық қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен танысу және мүлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

2. Осы Саясат ұйымның корпоративтік/ресми веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

## 3. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Саясатта келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

– ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да нормативтік-құқықтық актілер;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын іс-шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – ұйым қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

– жемқорлық тәуекелін ішкі талдау – **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды** жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу бойынша колледж қызметі;

– мүдделер қақтығысы – лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

– сыбайлас жемқорлық – колледждің лауазымды адамдарының өздерінің

лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында жауапкершілік белгіленген;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – колледждің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

– жұмыскерлер – колледжбен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет – құрылымдық бөлімше не колледж қызметкері, оның негізгі міндеті колледж бен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер**

1. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

2. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

– лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

– колледжге және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын мазмұндау және түсіндіру;

– колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша сәйкес рәсімдерді жүзеге асыру міндеттерін белгілеу;

– сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

#### **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

1. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарына жатады:

– **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік –**

колледж өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік қағидаты колледж атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін лауазымды адамдар мен қызметкерлер үшін қандай да бір елде бизнес жүргізу тәжірибесіне қарамастан, тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

– **жұмыскерлерді тарту** - колледж өз лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

– **жазалаудың бұлтартпастығы** – колледж өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, қызметкерлерді жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

– **заңдылық және осы Саясаттың қолданыстағы ҚР заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** - колледж ҚР және қызметін жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

– **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - колледж рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етуге тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Колледж қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және оларды тиімсіз болған жағдайда жетілдіреді;

– **мониторинг және бақылау** - колледж сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды.

## **6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер**

1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар / құқық бұзушылықтар мыналар (бірақ көрсетілгенмен шектелмейді):

– лауазымды адам сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алуы немесе ысырап етуі, егер бұл әрекеттер оның қызмет бабын пайдаланумен ұштасса;

– қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (ізін жасыру), егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты лауазымды адам жасаса;

– лауазымды адам жасаған экономикалық контрабанда, егер осы іс-әрекет оның өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

– лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

– кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

– пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу;

– қызмет бабында жалған құжат жасау;

- қызмет бойынша әрекетсіздік;
- билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;
- алаяқтық;
- жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- лауазымды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау жатады.

2. Колледж, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ колледж қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын кез келген елдерде осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде колледж оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ:

- пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беру немесе оны беруге уәде беруге;

- параны талап етуге, қабылдауға немесе қабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге;

- қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беруге;

- төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

- жеке пайда табудың мақсатында колледжде жұмысқа орналасуды (оның ішінде уақытша негізде) ұсыну, уәде беру немесе беру;

- қауымдастырылған / үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе алуға ықпал етуге;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және ішкі құжаттарға қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйлауға немесе алуға тыйым салынатынына сүйенеді.

3. Колледждің лауазымды тұлғалары өзінің кәсіби қызметінде келесі мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

- ҚР Заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындауға міндетті;
- іскерлік қатынастарда адал және парасатты болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға тиіс;

- колледжге кір келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге міндетті;

- заңсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге міндетті;

- әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

- кіріс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге қызметті

жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту;

– басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеу және мұндай әрекеттерді мадақтамау;

– мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау;

– өздерінің жақын туыстары, жұбайы (жары) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарға қызметке тұрмау, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (жарының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысты лауазымға қабылдамау.

Осы тармақшаның талаптарын бұзған лауазымды тұлғалар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға жатады, ал мұндай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметкерлердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе басқару функцияларынан өзгедей босатылуға жатады.

## **7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені**

1. Колледж қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға жатады, бірақ көрсетілмеген шектелмейді:

– үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

– сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

– жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға төленетін төлемдер;

– демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

– персоналды басқару.